



Жалағаш

Жаршысы



№67 (9954)
26 тамыз
сенбі
2023 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Сапар

Елдің мәселесі ескерусіз қалмайды



СӘРСЕНБІНІҢ СӘТТІ КҮНІ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ НҰРЫМБЕТ САҚТАҒАНОВ АУДАҢА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛДІ. ІС-САПАР БАРЫСЫНДА Қ.НҰРПЕЙІСОВ КӨШЕСІНЕ ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАН КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ, ЖАЛАҒАШ КЕНТІНЕН ТЕМІР ЖОЛ АРҚЫЛЫ ӨТЕТІН ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР КӨПІРІНІ ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ КІТАПХАНА ҒИМАРАТЫНЫҢ ЖЫЛУ ҚАЗАНДЫҒЫН ТАБИҒИ ГАЗҒА АУЫСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫМЕН ТАНЫСТЫ.

Айта кетейік, бүгінде Жалағаш кентіндегі бірнеше көшеге, яғни Желтоқсан, І.Нұрқенов, А.Бектібаев, А.Қазбеков, Т.Әбдіжәліев, Мысық би, И.Панфилов, Қ.Нұрпейісов, З.Ижанов, Жәңістің 50 жылдығы көшелеріне асфальт төсеу жұмыстары аяқталды. Жөндеу жұмыстарының бүгінге дейін 80 пайызы аяқталған. Сонымен қатар қосымша 2 көшеге, яғни Ф.Мұратбаев көшесінің аяғы, Қ.Ердаулетов көшесіне асфальттау жұмыстары жүргізілген.

Жалағаш кентінен теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірі бойынша қазіргі таңда металл бұйымдарын құрастыру, тіреу, орындарын қазу жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс жұмыстарының бүгінде 40 пайызы аяқталған. Мердігер мекеме нысаны өз уақытында аяқтап, ел игілігіне беруді көздеп отыр. Әзірге құрылыс қарқыны жоғары. Облыс әкімінің орынбасары мейлінше сапаға мән беру қажеттігін қатаң тапсырды.

Аудандық кітапхана ғимаратының жылу қазандығын табиғи газға ауыстыру жұмыстарына келсек, бүгінге дейін қазандықтың ішкі жөндеу жұмыстары толық аяқталған. Жылу жүйесінің ескі құбырлары мен задвижкалары ауыстырылды, жаңадан 1 газ пеші горелкасымен орнатылған. ШРП орнатылып, темір қоршаумен қоршалды. Орташа қысымды жерасты газ құбыры тартылып, қазылған жерлердің асфальт жабындысы қалпына келтірілді.

Кент орталығында атқарылып жатқан бірқатар жұмыстармен танысып, құрылыс алаңында болған облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов мұнан кейін аудан әкімдігі ғимаратында аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдап, жергілікті халықтың талап-тілегіне құлақ түрді.

Қабылдау барысында тұрғындар тарапынан Аламәсек ауылдық округіндегі ішкі көшелерді жөндеу және электрмен қамту желілерін жаңарту, аудандық аурухана мен емхананы орталықтандырылған сәуіктыру лагеріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу, Жалағаш кентінің орталығындағы қоғамдық моншаға газ тарту, «Арысқұм» ұнаскесіне ұнаскелік полиция пунктін салу, қызметтік автокөлікпен қамтамасыз ету және шат мәселелі, Таң ауылы, Жаңақоныс елді мекеніндегі ауыз су

жүйесі және ауылға кіреберістегі көпірді жөндеу жөнінде мәселелер қозғалды.

Сондай-ақ бірқатар мәселелер оң шешім тапты. Есет батыр ауылындағы 5 көшені күрделі жөндеуден өткізуге былтыр жалпы құны 545,8 млн теңгені құрайтын жоба-сметалық құжаттар әзірленіп, биыл мамыр айында облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінім жолданған. Елді мекеннің ішкі 4 көшесін күрделі жөндеуден өткізу үшін жоба-сметалық құжаттар әзірлеуге аудандық бюджеттен 3 млн теңге қаржы қаралған. Қазіргі таңда «ТМ ПроектСтрой» ЖШС арқылы әзірленіп, сараптамаға ұсынылды. Алдағы уақытта тиісті басқармаға қаржыландыруға ұсынылады.

Есет батыр ауылының тұрғын үй секторының электр тарату желілерінің құрылысына былтыр жыл аяғында жалпы құны 357 млн теңгені құрайтын жоба-сметалық құжаттар демеушілер есебінен әзірленген болатын Желтоқсан айының басында облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы арқылы ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне қаржыландыруға ұсынылған. Ал «Ақтерек» сауықтыру лагері 1999 жылы ыңғайластырылып, асар әдісімен салынып, пайдалануға берілген. Лагерде бейімделген 4 жатын ғимараты және 80 орынға арналған асхана бар. Балалардың жазғы демалыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында мұнда 452 бала қамтылады. Жазғы демалыс уақытынан басқа мезгілдерде бұл нысанда оқушылар олимпиадаға, ұлттық біріншілік тестілеуге дайындық жұмыстары ұйымдастырылады. Лагер ғимаратын жыл бойы пайдаланғандықтан күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет. Бұл ұсыныс облыс әкімі жанындағы кеңес қарауынан қолдау тапқан.

Жеке қабылдау барысында көтерілген барлық мәселені назарға алған Нұрымбет Сақтағанов тиісті тапсырмалар берді. Қабылдауға құқық бұзушылықтың алдын алу мен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізетін жұмысшы тобы қатысты.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Қабылдау

Сала ардагері құрмет төрінде



Еткен еңбектің еленгені кімге де болса қуаныш, көңілге үлкен медет. Осы орайда апта басында аудан әкімінің міндетін атқарушы Арнұр Нұрмағанбетов аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің әдіскері Өмірбек Оспановты зейнеткерлік шығарып салуға арналған қабылдау өткізді.

Зейнетке құрметпен шығарып салу, оның талай жылғы ел үшін еңбегіне алғыс айту, атқарған қызметіне құрмет көрсету өзіндік мәні бар шара екендігін тілге тиек еткен Арнұр Нұрмағанбетов мерейтой иесіне ауданның ең жоғары марапаты «Құрмет» грамотасын табыстап, шапан жапты.

— Ауданымызда бой көтерген түрлі сапалы ғимараттардың, ел игілігі үшін тұрғызылған әлеуметтік нысандардың кіршішінде Өмірбек Асанбекұлының қолтаңбасы жатыр деуге әбден болады. Еліміздің тәуелсіздік алғанға дейінгі жылдарында қызметтің қиын да күрделі сатыларынан өтіп, ауданымыздың өркендеу жолында алдыңғы шепте жұмыс жасадыңыз. Міне, қызмет деген бір белестен өтіп, құрметті демалыс деген кезеңге жеттіңіз. Қуанышыңыз ұзағынан болсын. Ағайын-туыстың құрметіне, немере мен шеберлердің шу-күлкісіне, ұл-қыздардың жеңісті шақтарын көрген шаттықтың бақыты сәттеріне бөленген әдемі ғұмыр кешіңіз, — деді Арнұр Нұрмағанбетов.

Өмірбек Асанбекұлы еңбек жолын 1979 жылы Жалағаш аудандық су шаруашылығы басқармасында гидротехник болып бастаған. 1985-1990 жылдары жылжымалы құрылыс мехколлоннасында шебер, сондай-ақ еңбек және еңбек ақы бөлімінде инженер қызметтерін атқарған. 1990-1992 жылдары Жалағаш аудандық Кеңесінің атқару комитетінде аға-референт, 1992-1998 жылдары аудан әкімі аппаратында инспектор, бас маман болып жұмыс жасаған. 1998-2006 жылдары ауданның бас сәулетшісі, құрылыс-сәулет және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы қызметтерін абыроймен атқарған. Бүгінгі күнге дейін аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінде әдіскер қызметін атқарып келеді.

Бірге қызмет еткен замандастарының айтуынша, Өмекең кент орталығындағы арқа, футбол стадионының қақпасы, Ақтерек сауықтыру-лагері секілді нысандардың құрылысына етене араласып, өңір инфрақұрылымының дамуына елеулі үлес қосқан.

— Еңбегіңіз еленіп, құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын! Иә, салада еткен еңбегіңіз бен төккен теріңіз аз емес. Ендігі сол еңбектің зейнетін көріп, ауырмай-сырқамай, бала-шағаның, немерелердің ортасында ардақты ата деген атты иеленіп жүре беріңіз. Ендігі жерде осы салада қызмет етіп жүрген жастарға білгеніңізді үйретіп, соларға жол көрсетіңіз, өйткені біз ұрпақ тәрбиелеуде сіздің өмірлік тәжірибеңіз жеткілікті деп сеніммен айта аламыз, — деді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әліев.

Жалпы, қабылдауға аудандық мәслихат, ардагерлер және алқа билер кеңесінің төрағалары, құрылыс саласының ардагерлері мен мамандары қатысты.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Бөрекелді!

Көрікті аула – аудан ажары

ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚОЛДАУЫМЕН, АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БӨЛІМІНІҢ ТАПСЫРЫСЫ АЯСЫНДА «ҚОҒАМДЫҚ САНАДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ КӨРІНІСТЕРІНЕ ЖОЛ БЕРМЕУДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚЫЗМЕТІ» НЕГІЗІНДЕ ӨНІР ЖАСТАРЫНЫҢ «ТЕМІРҚАЗЫҚ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ӨТКЕН «ҮЗДІК АУЛА – 2023» БАЙҚАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ МАРАПАТТАУ РӘСІМІ ӨТТІ.

Туған жердің тазалығын насихаттауда бұл байқаудың әлеуметтік мәні зор. Біріншіден аталған жоба елді мекендерді тазартып отырған тұрғындардың еңбегін насихаттаса, екінші жағынан жеңімпаздарды қолдау болып табылады. Бұл байқаудың негізгі мақсаты – аудан тұрғындарын өз аулаларын таза ұстауға, көгалдандыруға, аула маңын көркейтуге насихаттау. Елді мекенді абаттандыру жолындағы бастамаларына қолдау және жеке үйлердің өсемділігіне көңіл бөлуге, үй маңайын таза ұстауға және абаттандыру қағидаларын қатаң сақуға бағытталған.

Иә, жылдан жылға ауданның келбеті жаңа сипатқа ие болуда. Көше бойы тазарып, көркейіп, үгіт-насихат

тық билбордтар ілініп, аудан ажары айшықтала түскен. Яғни осы тұста аудан тұрғындары тазалыққа ерекше мән беруде. Тұрғылықты жердің көрікті болуына тұрғындардың жауапкершілігі артқан. Оны бүгінгі «Үздік аула – 2023» байқауының қорытындысынан аңғаруға болады. Салтанатты шараға аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов пен аудан тұрғындары қатысты. Шара барысында аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов ауданда көркейту-көгалдандыру жұмыстарының тұрақты жүргізіліп келе жатқанын тілге тиек етті.

— Ауданда «Үздік аула», «Жасыл көше» байқауы 2020 жылдан бері бастау алып, дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатыр. Өздеріңіз білетіндей



осыдан бір ай бұрын «Үздік аула – 2023» байқауын жариялаған болатынбыз. Әркім тазалық сақтауды өзінше, өзінше ауласынан бастаса, қоғамға пайдасын тигізеді. Көше мәдениеті де дұрыс қалыптасып, өлкеміздің өркениеті дами түседі. Негізгі «Ауласына қарап, азаматын таны» дегендей, ескі алдына қарап, сол адамның қандай екенін білуге болады. Бағамдап қарасақ, соңғы жылдары кент пен ауылдарда абаттандырылған аулалардың қатары көбейген. Бұл әрине жыл сайын өткізіліп келе жатқан осындай игі шаралардың нәтижесі. Мұндай байқаулар ауданның тыныс-тіршілігін нығайтуға, санитарлық тазалығын жақсартуға үлкен септігін тигізеді. Өйткені әрбір тұрғын тұрғылықты жерінің көшесін таза ұстаса, аудан гүлденіп, көркейе түспек – деді Ғани Кенжеғараұлы.

Әрине әрбір аудан тұрғыны өзі тұрып жатқан жеріне жауапкершілікпен қарап, айналасын таза ұстап, сенбіліктерге белсене қатысса, әр аула көрікті болары хақ. Өз үйін қалай таза ұстаса, ауданымыздың да солай таза болуына, көгалдандыру, абаттандыру сияқты жұмыстарға белсене атсалысып жүрген азаматтарымыздың қатысуымен ұйымдастырылған «Үздік аула – 2023» байқауына биыл 11 үміткер қатысты.

Кент бойынша санитарлық тазалық іс-шара жоспарына сәйкес аудан орталығы 75 бағыт бойынша бөлініп, мекемелерге тартылған. Жоспарға сәйкес белгіленген аумақтарда аяқ су жүретін арықтарды тазарту, арам шөптерді шауып, қоқыстарды бір жерге жинау жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ аудан аумағында жаз мезгілінде «Жасыл ел» еңбек жасағында 200-ден астам жас жұмыс істеді. Соның нәтижесінде аудан орталығы абаттандырылып, тазарту

жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар «Жасыл ел» еңбек жасағында жас еріктілер 3 ай көлемінде 8 карт кісінің өзінше, өзінше ауласынан бастаса, қоғамға пайдасын тигізеді. Көше мәдениеті де дұрыс қалыптасып, өлкеміздің өркениеті дами түседі.

Ерекше шарада Ғ.Сүлейменов «Үздік аула – 2023» байқауының қатысушыларын марапаттады. Үздік аула иегерлеріне ұйымдастырушылар тарапынан арнайы диплом мен қаржылай сыйақылар табысталды.

Комиссия отырысының шешімімен Бибітжан Ахметов, Шохан Бодыбай, Бабағұрат Беріков, Аяғөз Қойшыбаева, Ақбота Талқанбаеваға ынталандыру сыйлығы мен 10 000 теңге сыйақы табысталды. Ал Мәншүк Иманбаева «Үлгілі аула» номинациясымен қатар 15 000 теңгені иегері атанды. Мұнан бөлек «Үздік башша» номинациясы мен 15 000 теңге ақшалай сыйлықты Айдана Дәуренбекова иеленді.

Сонымен қатар жүлделі III орын мен 25 000 теңге көлеміндегі сертификат Айдана Аманжол мен Олжас Қыпшақбаеваға табысталса, II орынды Қожатай Құлмаханов иеленіп, арнайы 50 000 теңге көлеміндегі сертификатпен марапатталды. Әділ-қазы алқасының шешімімен жүлделі I орынға Загира Сейтенова лайық деп танылып, 70 000 теңге көлеміндегі сертификатты жеңіп алды.

Шара соңы аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасты. Иә, аталмыш байқауды ұйымдастыру аудан халқы үшін тазалық пен тәртіп сақтауға, қоршаған ортаны көркейтіп, туған өлкені абаттандыру шақыратын тете жол болары сөзсіз. Тұрғындарды осылай ынталандыру арқылы шаңырағынан шаттық лебі ескен үлгілі аула мен өнегелі отбасылардың қатары көбейе бермек.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ



Таным



Жыраулық өнер — ұлттық мәдениеттің алтын діңгегі

Сыр өңірі — өнер дәулеті қонған киелі топырақ. Атадан балаға өсиет болған асыл өнердің бірі — жыраулық өнер. Заманында мұнда небір даңғайыр жыраулар өмір сүрді. Талай сал-сері, күміс көмей әнші, жыр жампозы жыршыларды туғызған халықтың бүгінгі ұрпағы бұл салаға келгенде қара жаяу емес. Сол өткен мен бүгінді жалғап, оны жастар санасында жаңғыртып жүрген өнер жанашырларының бірі — Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Алмас Алматовтың есімі руханият әлемінде жақсы таныс.

Есет батыр ауылдық округінің мәдениет үйінде Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Алмас Алматовпен «Қоңыр өңгіме» атты рухани кеш өтіп, оны Нұрмат Мансуров жүргізді.

— Сөйлеші тілім, сөйлеші, Жан шіркіннің сауында-ай. Дауысым бірден жұрмейді, Тегіліп терім ағылмай... — деп, бастаған Алмас Алматовтың рухани табылымға толы кеші бір сағатқа жуық жалғасты.

Ие, Сыр бойы — сүйелер мен жыр дүлддерінің қасиетті өлкесі. Қазақ ұлтының мәдениеті — оның дәстүрлі төл өнерінде, ғасырдан ғасырға, атадан балаға жалғасып келе жатқан төл өнеріміздің қашанда көлеңгелі кемел Қазақ салт-дәстүрінің өркендеуіне, еліміздің мәдени-рухани саласының, ұлт руханиятының дамуына ерен еңбек сіңіріп жүрген профессор, жырау, педагог, өнертанушы Алмас Алматовпен өткен кездесуде аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменов арнайы қатысты.

— Сыр елі — фольклорлық, этнографиялық, этникалық тұтастығын жоймаған, атадан балаға мирас үлгі-өнегені ұстанған қасиетті өлке. Дауыстың қуаты, жырдың екпіні, мақамның өткірлігі адамды бей-жай қалдырмайды. Тұнып тұрған төлім-төрібие. Сіздей ұстазы барда Сырдың талантты да талапты өнер тарландары әлі талай биіктерге шығады деп сенемін. Жастайыңыздан осы өнерге араласып, жыршы термешілерді зерттеп жүрсіз. Ағамыз жас кезінен-ақ өнер үлкен сахналарда паш етіп, үлкен жетістіктерден көрініп жүр. 1925 жылы қазақ өнерін Парижде паш еткен Әміреден соң араға алпыс жыл салып, Алмас Алматов эпостық өнерді Еуропада әлеуеткенін бүкіл өлем біледі. Жыр — халықтың жүрегің тербеткен ұлы өнер. Бүгінгі Алмас ағамызбен өтіп жатқан рухани кеш киелі өнерді кемеліне келтіре жаңғыртты дегуге болады. Осынау дәуірлі өнердің керуені жаңғыра берсін демекші Бізге осылай жиі келіп, рухани құндылықтарыңызбен белісіп жүре беріңіз, — деді аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменов.

Сондай-ақ көмейінен төгілген қоңыр даусымен, қазақы үнімен тындағанның құлақ құрышын қандырып, жан сарайды жадыратар жыраудың рухани кешіне халықаралық дәрежедегі спорт шебері Тимур Сыпатаев қатысып, өз өнерін ортаға салды.

Айта кетейік, Алмас Алматов қазақтың жыраулық өнерін Жапония, Түркия, Франция, АҚШ, Италия, Швейцария, Моңғолия, Ресей, Өзбекстан елдерінің өнер сүйер қауымына таныстырып келеді.

«Шыңғыснама» тарихи-дастанының, «Жыр керуені» жинақтарының авторы. Алтын дауысты жырау, профессор Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Алмас Алматовтың дәстүрлі жыр көшін жалғастырып жүрген шет елдерге, республикаға танымал шәкірттері «Құрмет» орденінің иегері, жырау-әнші Шолпан Бимбетова, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері жырау Руслан Ахметов, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері, жырау Майра Сәрсенбаева, Халықаралық байқаулардың жеңімпазы, жырау Серік Жақсығұлов, Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының иегері, жырау Күнсұлу Түркінің бар.

Ұлттық болмысымыз ұлықталып, баба дәстүрі дәріптелген кеште Фани Сүлейменов пен ауыл тұрғындары қазақтың игі жән-жоралғысы бойынша Алмас ағамыз бен Тимур Сыпатаевқа аудан жұртшылығы атынан шапан жауып, алғысын білдірді.

Салтымыздың саралы жолы, кешегінің үлгісі, кісілік, кеңдік, жомарттық, бауырмалдық сынды асыл қасиеттер қашан да қазақтың қоңыр өңгімесінің алтын арқауы. «Сөз түзелді тындаушы сен де түзел» деп ақыл-ойдың алыбы Абай хәкім бекерден-бекер айтпаса керек.

Ұрпақ тәрбиелеуде жыраулық өнердің маңызы өте зор. Адам дүние есігін ашқаннан, жарық дүниемен қоштасқанға дейінгі кезеңде түрлі жыраулық дәстүрді кездестіруге болады. Тіпті, Абай атамыз: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кіреді дүң» деп жырлайды. Демек, қазақтың тұрмыс-тіршілігінде жыраулық өнердің шоқтығы биік.

Рухани азық сыйлаған кездесуде арнайы сахна төріне шыққан жырау ұстаз Алмас Алматов рухани кешті қорытындылап, жырдан шашу шашты.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Тағылым

Ұлтымыздың өткенінде ерекше мәнге ие, ел мен елді жақындастырып, алыстаған арасын жақындатып, қайта табыстыратын «төркіндеу» деген игі дәстүр бар. Халқымыз әйел баласына тікелей қатысы бар төркіндеу дәстүрін әрбір қызға парыз еткен. Қызға деген құрмет қашанда ерекше. Әсіресе, тұрмысқа шыққан соң, өз шаңырағына тек қонаққа келеді. Қыз әкесінің қара шаңырағын төркін деп атайды. Жалпы төркіндеудің төркіні бөлек, тамыры тереңде, түбінде көп сыр бар. Ұмытылып кетпегенімен көмескіленіп бара жатқан бұл дәстүр сейсенбіде Қаракеткен ауылдық округінде жаңғырды.



Төркіндеу — түбі терең дәстүр

Төркіндеу аты айтып тұрғандай «төркін» деген сөзден шыққан. Ұза-тылған қыздың өз жұртына алғаш рет баруы «төркіндеу» деп аталады. Мұндай жағдайда қыздың барлық туған-туыстары оны қонаққа шақырып, құрмет көрсетіп, қалаған затын беріп, риза етіп, аттандыруға тиіс. Төркіндеу — әр қыздың парызы және ол бір-ақ рет төркіндеп баруға хақысы бар. Төркіндеудің халықтық дәстүрлі маңызы зор және ол әйелдерге ғана тән ғұрып.



Тағылымы мол шараға аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменов пен облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы Райкүл Байназарова және аудандық аналар кеңесінің төрайымы Айқын Жақсылықова мен Қаракеткен ауылынан шыққан бірқатар ақжуалықты аналар мен келіндер қатысты.

— Қазақ халқы қыз бала дүниеге келсе, жақсылықтың нышаны, бейбітшілік, тыныш заман болады деп жақсылыққа жорыған. Қызға асқан құрмет танытып, әрқашан сыйлы қонағындай күткен.

Көптеген жыраулардың дастандары мен жырларына арқау болған да осы қазалы қыздарының тәрбиесі, өзіне тән асыл қасиеттері еді. Халқымыз қызды құрметтеумен қоса, оған бірқатар талаптар мен тәртіптерді қоя білген. Мысалы, «Қызды қырық үйден тыю» деп, қыз тәрбиесіне аса көп көңіл бөліп, ата-анасы әрқашан жауапкершілікті сезінген. Көшпелі, аумалды-төкпелі заманның өзінде де бабаларымыз қыз тәрбиесі мен абыройын жоғары қойып, оны қорғай білген. Қыз баланың қай кездеде орны төр. Ұшқан ұясынан алған төлім-төрібісі мен білімінің арқасында үлкен бір әулетті өзі басқара алатын қыз-келіншектеріміз көп. Оның дәлелі сіздер, — деген аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменов кездесу барысында отбасының ұйытқысы болып, төлім-төрібіеге мән беріп, қоғамда белсенділік танытып жүрген үлгілі де белсенді келіндерді марапаттады.

Бұдан бөлек шара барысында Қаракеткен ауылдық клубы жанынан құрылған «Асыл мұра» салт-дәстүр үйірмесі мүшелерінің қатысуымен «Төркіндеу» көрінісі шараның ажарын аша түсті.

Келелі кездесуде облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы, Аналар кеңесінің мүшесі, ауданның Құрметті азаматы Райкүл Байназарова төркіндеудің түпкі мағынасы мен бүгінгі іс-шараның мақсатына тоқталды.

— Қазақ халқы қыз тәрбиесіне әрдайым аса назар аударған. Қызға қырық үйден тыю салып, жүріс-тұрысын қадағалаған. Абай атамыз: «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар ата-ананың қызынан қапы қалма» демекші, қыз бала тәрбиесі оның ата-анасына да байланысы бар екенін білдіріп тұрғандай.

«Қызды жат жұрттық» деп қадірлеп, қашанда шаңырақ төрінен түсірілген. Ертенгі барған жерінде қызға сөз келмесе үшін анасы қызына бойындығы бар жақсы қасиеттерін сіңіруге тырысады. Жалпы әрбір адамзат баласының тәрбиесі отбасынан басталатыны белгілі. Кейін мектеп қабырғасына ұласары сөзсіз. Міне, мектепте оқып жүрген қыз бала үйдегі ата-ананың көз қуанышы, мектепте ұстаздарының мақтанышы бола білуі тиіс. Ата-бабамыз қыз баланың тәрбиесін басты назарға алып, сылайы, ізетті де ісер, қылықты болуын қадағалап отырған. Еркін ұстаған, бірақ тым еркелетпеген. Қызға «жат жұрттық» қонақ ретінде жас күнінен отбасының бірлігін сақтаушы, қара қазанның иесі, үйдің ұйытқысы ретінде тағылымды тәрбие берген, — деді Райкүл Мансурқызы.

Аудандық аналар кеңесінің төрайымы Айқын Жақсылықова, Қаракеткен ауылының түлегі, оқу үздігі Жаса Көпешқызы, Қаракеткен ауылдық округінің Аналар кеңесінің төрайымы Мира Жүсіпова шара барысында төркіндеу дәстүрінің мән-мағынасын тілге тиек етті.


Қай халықты алсақ та, оның өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, күнкерісі, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі болады. Салт-дәстүр сол халықпен бірге жасасып, оның тарихында өшпес із қалдырады. Бірақ ұмыт болып бара жатқан ұлттық салт-дәстүрлерімізде жоқ емес. Ендеше, салтымыз санамызда, ғұрпымыз арамызда жаңғырып тұруы үшін сіз бен біз дәстүрді дәріптеп, құрметпен қарау біздің басты борышымыз.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Брифинг

Дерт дендемесін десеңіз...

Вирусты гепатиттердің ғылымға белгілі бес түрі бар, оның ішінде қан арқылы және қарым-қатынас арқылы жұғатын, ауру қоздырғышы бауыр жасушаларын зақымдайтын вирусты гепатиттердің «В», «С», «Д» түрлері қатерлі де қауіпті жұқпалы аурулар қатарына жатады. Қан арқылы берілетін вирусты гепатиттердің ішінде ең көп тараған түрлері — «В» және «С» гепатиттері. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Гүлжазира Жалғасова осылай деді.



Медицинаның ең өзекті мәселесі — вирусты гепатит, спикердің оның шешімі барлық адамзат үшін маңызы зор дегені де сондықтан. Барлық вирус түрі де организмде ең маңызды ағза бауырды зақымдайды. Қазіргі уақытта созылмалы гепатиттің бауыр циррозы мен бауырдың қатерлі ісігіне ұласуы өте көп кездеседі екен.

— Дүние жүзінде 2 млрд-ға жуық адам «В» вирусты гепатиттің вирусын жұқтырған, жыл сайын екі млн адам осы аурудың асқынуынан қайтыс болады. «В» вирусты гепатит ауруының қоздырғышы қоршаған ортада өте төзімді. Қанмен ластанған заттарда бірнеше айдан бірнеше жылға дейін сақталады. Инфекция көзі — вирус тасымалдаушылар, аурудың жедел немесе созылмалы түрімен ауыратын науқас адамдар. Вирусты «В» гепатит ауруының жасырын өту мерзімі 1 айдан 6 айға дейін, орташа 2-4 айды құрайды. Аурудың жасырын кезеңінің ұзақ болуы науқаста аурудың асқынуға кезде анықталуына әкеп соғуы мүмкін және осы кезеңде науқастың өзін қоршаған адамдарға ауру жұқтыру қаупі күшейеді, — деді спикер.

Г.Жалғасованың сөзінше, «С» вирусты гепатит ұзақ уақыт емделуді қажет етеді, ауру 80 пайыз жағдайда созылмалы гепатитке, 20 пайыз жағдайда бауыр циррозына апарып соқтыратын қатерлі жұқпалы дерт көрінеді. Аурудың жасырын өту мерзімі 2-26 апта, орташа 7 аптаны құрайды. Осы мерзімде адам өзінің қай уақытта ауру жұқтырғанын білмей қалуы бек мүмкін. Ол жіті немесе созылмалы «С» вирусты гепатитпен, әсіресе оның клиникалық белгілері анық байқалмаған адамдардан жұғады.

Вирус гепатиті түрлерінің клиникалық белгілеріне келсек, өлсіздік, төбеттің нашарлауы, жүректегі айнуы, кейде құсу, дене қызуының 38,50 С және одан да жоғары көтерілуі, оң қабырға астының ауруы, зәр түсінің қоюлануы, нежістің түссізденуі, көз ішінің, тандайдың, кейінірек қол-аяқ және бүкіл дене терісінің сарғаюы науқасты мазалайды.

«В» және «С» вирустары бөлме температурасында 3 айға дейін, тоназытқышта 6 айға дейін қатырылған қанда жылдар бойы сақталады. Қазіргі уақытта өлемде 350 млн-ға жуық вирус тасымалдаушы бар, олар өздері ауырмайды, бірақ вирусты тасымалдап, басқа адамдарға жұқтырады. «В» және «С» вирусты гепатиттері бірінші кезекте жыныстық қарым-қатынас арқылы жұғады, яғни ерлі-зайыптылар арасында және кездейсоқ жыныстық қатынас кезінде жұқтырады, сонымен қатар ортақ ине арқылы есірткі қабылдайтын нашақорлар ауырады. Аурудың таралу жолдарының бірі толық тексерілмеген донор қанын құю, дұрыс стерильденбеген медициналық және косметикалық құралдарды қолданғанда жұғады. Сонымен қатар туыстары науқас адамның сүлгісің, тіс тазалағышың, ұстарасы мен жөкесің, тырнақ әрілеу заттарын ортақ пайдаланғанда жұқтыруы мүмкін. Ауру аннадан босанар кезде сабынға де жұғады, — деді Гүлжазира Жалғасова.

Спикер «В» және «С» вирусты гепатит өте жұқпалы болғандықтан аурудан сақтану шараларына аса мән беру керектігін айтты. Медициналық және косметологиялық қызметке жүрген кезде сақтау мерзімі өтпеген, герметикалық орамадағы, бір рет қолданылатын медициналық және косметологиялық құралдардың қолданылуына назар аударған жөн. Сонымен қатар ортақ ине арқылы есірткі қабылдаудан бас тарту керек. Үй жағдайында әрбір адам өзінің жеке, тіс шөткесі, ұстара, сүлгіні және тырнақ алғышты пайдалану кезінде беріне аса мән беруі керек.

Вирусты «В» гепатиттің ең сенімді алдын алу жолы — вакцинациялау. Бұл — біздің емес, маман кеңесі. Вирусты «В» гепатитіне қарсы міндетті профилактикалық екіле перзентханада дүниеге келген нәрестеге алғашқы 12 сағат ішінде, әрі қарай нәрестенің 2, 4 гейлығында екіле жасалады. Сонымен қатар вирусты «В» гепатитіне қарсы вакцинациялау бұрын вирусты «В» гепатитіне қарсы егілмеген медицина қызметкері, вирусты «В» гепатит ауру шағындағы отбасы мүшелері, қан, оның компоненттері мен препараттарын құйдиртқан реципиенттер, меншік нысанына қарамастан медициналық бейіндегі жоғары және орта білім беру ұйымдарында оқитын студенттер, алғаш анықталған АИТВ инфекциясын жұқтырғандар, жиілікке қарамастан гемодиализге және тіндерді және ағзаларды транспланттауға жататындар, онкогематологиялық науқастарға жүргізіледі.


Брифинг соңында спикер журналистердің дерттің алдын алуда қайтпек керек, аталған кеселді жұқтырғандар одан қалай айығады, осы және өзге де сауалдарын жауапсыз қалдырмады.

Кенжетай БАЛҒАБАЙ



2023-2024 оқу жылына бөлінген облыс әкімінің грант игерлерінің тізімі

Р/с	Аты-жөні	Мекен жайы	Оқу орны	Мамандығы
1	Серік Бекзат Асымханұлы	Жалағаш кенті, Қыстаубаев көшесі №32/2	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті	Дене шынықтыру және спорт
2	Молотова Айсылу Талғатқызы	Аққұм ауылы	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті	Көркем еңбек және сызу пәні мұғалімдерін даярлау



Туған жер – туған шежіре

Аудандағы ежелгі қола дәуірінің ескерткіштері

Арал теңізінің шығысындағы Сырдария өзенінің ежелгі арналарының аралығындағы қазақтың кең байтақ жазық даласы алуан түрлі археологиялық және тарихи ескерткіштермен ерекшеленеді. Олардың көпшілігінің тіршілік мерзімі б.д.д. II мыңжылдықтың екінші жартысы б.д. I мыңжылдықтың бас кезіне жатады. Сырдарияның ежелгі арналары Іңкәрдария мен Жаңадария бойында Шірік-Рабат мәдениетін құрушы апасиак тайпасының сақтары мекен еткен ежелгі қоныстардың орындары мен жерлеу құрылыстары орналасқан.

Қазіргі Жалағаш ауданының Аққыр ауылдық округінің көлеміндегі бұл ескерткіштерге күні бүгінге дейін отандық және шетелдік археолог ғалымдар үлкен қызығушылық танытып келеді. Сондай бірегей архитектуралық ескерткіштердің бірі – республикалық маңызы бар Баланды II (Бұланды) күмбезді кесенесі мен жергілікті маңызы бар Тагискен (Түгіскен) қорымы.

Соңғы қола және ерте темір дәуірлерінің көрнекті археологиялық ескерткіштерінің бірі Түгіскен қорымы Сырдарияның ежелгі арналарының бірі Іңкәрдария өзенінің (Жаңадария өзенімен түгіскен тұсы) оң жақ жағалауында жатыр. Жалпы саны 70-80-нен астам үлкен және ұсақ обалар өзеннің көпкең арнасын бойлай отырып, жалпы көлемі 400 шаршы метрге жуық алаңның ішінде орналасқан.



Аталған ескерткіш 1953 жылы профессор С.П.Толстов жетекшілік еткен Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы (ХАЭЭ) ғалымдарының ұшақпен барлау жұмыстары негізінде ашылды, негізгі археологиялық қазба жұмыстары 1959-1963 жылдары аралығында жүргізілген. Алғашқыда тек 11 нысан ғана табылып, кейіннен По-2 маркалы ұшақтың үстінде түсірілген аэрофототүсірілімнің негізінде олардың жалпы саны 70-тен астам екені анықталды. Археологтар бұл археологиялық нысандарды екі топқа, яғни біршама шағындау солтүстік топқа (барлығы 11 ескерткіш) және қалған ескерткіштерді қамтитын оңтүстік топқа ажыратты.

Орналасу тәртібі бойынша ғана емес, хронологиялық тұрғыдан да екі бөлек уақытқа қарасты болғандықтан тарих ғылымында бұл екі топты Оңтүстік Түгіскен және Солтүстік Түгіскен деп атау қалыптасқан.

Б.з.д. IX-VIII ғасырлардағы соңғы қола дәуірінің аса көрнекті ескерткіші Солтүстік Түгіскендегі жерлеу құрылыстары қам кесектен салынған көлемі үлкен кесенелердің құландылары түрінде сақталған бұл кесенелер ақсуіек-шонжарлардың, ірі тайпа немесе ру кесемдерінің жерлеу орны ретінде салынған. Аталған кесенелердің маңында олғаға тіркестіре, жапсарлас салынған және топ-тобымен орналасқан көлемі мен пішіндері әрқелкі шағын құрылыстар олардың тұма-туысқандары жерленген орындар болуы мүмкін деген болжам бар.

Олардың ішіндегі көлемі ең үлкен №6 кесененің сыртқы пішіні домалақ және ішкі жағы төртбұрышты болып келген ірі құрылыс. Цилиндр тәрізді орталық бөлігінің

диаметрі 15 метрге жуық, қабырғасының қалыңдығы 4 метрдей. Кесене көлемі 50-60x25-30x10 см болатын қам кесектерден қаланған. Көлемі – 50 шаршы метр болатын төртбұрышты ішкі бөлмесінің іргесі шамамен 1,5 метрдей жерге тереңдете қазылған.

Бұл кесене сыртынан жалпы пішіні домалақ болып келген биік әрі қалың қорған-дуалмен қоршалған. Бұл қорған кесенеден 2 метрдей жерде алшақ орналасқан. Заманында бұл құрылыс биіктігі мен қалыңдығы үш метрдей болатын қабырға-дуалмен қоршалып, биіктігі 6-8 метрге жететін жалпы пішіні домалақ зәулім ғимарат болған.

Жерлеу рәсімі басталмас бұрын ғимарат ішіндегі марқұмды жерлейтін көлемі 7,3x6,9 метр болатын ағаш камераның ішкі қабырғаларына қамыс пен ағаш бұтақтарын қалың етіп айналдыра қойып шыққан. Олардың сыртынан кілемдер мен киіздер ілінген. Бөлмеге жерлеу мүліктері керамикалық ыдыстар, қоладан жасалған қару-жарақтардың түрлері, қола мен алтыннан соғылған зергерлік-әшекейлік бұйымдар қойылған.

Өлгендермен бірге қабір ішіне мүшелеп бөлінген мал етіп салу ғұрпы да болған. Бөлменің еденіне жұқа етіп саз балшық жағылып, оның үстіне шиден тоқылған кілемдер төселген. Қайтыс болған кісінің мүрдесі сол жерге жатқызылып, салт-жоралғылар өткізілген соң



өртеліп отырған. Осы ғұрыпты атқару кезінде бүкіл ғимарат өртелген. Ғимараттың бұдан әрі қалай сақталғандығы әзірге белгісіз болып отыр. Археологиялық қазба жұмыстары бүкіл құрылыстың отқа оранып, ағаш жабындыларының түгелдей жанып кететіндігін көрсетті.

Қазба жұмыстары барысында кесенелерден табылған заттай деректердің арасында бүтіндей сақталған 200-ге жуық құмыра, кезе, тостаған секілді қыш ыдыстар ерекше орын алады. Дені бай ою-өрнекті, өте сәнді етіп жасалған бұл ыдыстар екі топқа бөлінеді. Бұлардың көбі Орталық Қазақстанның көне мәдениеттерінен бастау алатын Андронов және Бегазы-Дәндібай дәстүріндегі қолмен жапсырып жасалған ыдыстар. Олардың бүйірлеріне геометриялық пішіндес алуан түрлі ою-өрнектер түсіріліп, сырты көбіне ақ түсті бояумен боялған. Екінші шағындау топты оңтүстік, яғни ортаазиялық мәдениеттерге тән құмырашының дөңгелегінде (гончарный круг) саз балшықтан жасалған қыш ыдыстар құрайды.

Оңтүстік Түгіскен де – сақ дәуірінің көрнекті ескерткішінің бірі. Аталған ескерткіш екі топтан (біріншісі – 9, екіншісі – 27 обадан)

тұрады. Олардың 38-іне қазба жұмыстары жүргізілген. Қазылған обалардың барлығы дерлік б.д.д. VI-V ғ.ғ. жататындығы анықталған. Бұл обалардың топырақ үйіндісінің диаметрі 15-20 метр, биіктігі 1-1,5 метрдей. Тікбұрышты, тереңдігі 2 метрге дейін баратын шұңқыр-қабірлер батыстан шығысқа қарай тізбектеліп созылған. Қабірдің сыртқы беті ағаш бөренелермен жабылып, оның үстіне және айнала 2-5 метр радиуста қамыс төселген. Ағаш жабындыда көбіне оттың іздері анық байқалады, бірақ солтүстік топтағы кесенелердегідей мөгіт пен құрылыс түгелдей өртелмеген. Анығында бұл жерде қабірдің үстіне от қойып, дәстүрдің шартты түрдегі рәсімін көрсеткеннен соң, оттың жанып бітуін күтпей, сыртынан дереу топырақ үйіндімен жауып тастап отырған.

Археологтар Түгіскен қорымынан қару-жарақтар, ат өзбелдері мен алтыннан құйылған түрлі әшекейлерде бұғы, киік, жылқы, қабан, таутеке, арыстан, барыс, қабылан, бүркіт, түйе секілді хайуандардың бейнелері бар құнды артефактілердің көптеген түрін тапты. Бұл бейнелер өте табиғи, реалистік тұрғыда жасалған.

Көрнекті археолог-ғалым К.Ақышевтың пікірінше, Қазақстан территориясында зергерлік өнер біздің дәуірге дейінгі II мыңжылдықтың екінші жартысында пайда болған. Олардың жасалу техникасының жоғарылығына қарағанда, бұл өнер сол кездің өзінде-ақ айтарлықтай дамыған. Алтыннан жасалған сәндік әшекейлер алуан тәсілдермен жасалған: соғу, штамптау, ою, балқыту, соғып алтындау, жылтырату секілді т.б. көптеген тәсілдер қолданылған.

Мысалы, Оңтүстік Түгіскен қорымының №53 обасыдан жұқартылған алтын қондырмаға спираль секілді бұралған мүйіздері бар қошқардың ойып жасалған басының бір қырынан бейнеленген бедерлі бейнесі түсірілген қысқа сөмсер (акинак) балдағының қоршамасы мен азу тістері ақсып, бір қырынан бейнеленген екі қасырдың пішіні бар сөмсер қынының қоршама пластинасының бір фрагменті табылған. Ал №59 санды обадан жабайы жыртқыштардың бірі «жер бауырланған» қабыланның бедерлі бейнесі бар шеттері сынық алтын пластина табылса, №66 санды обадан басын артқа қарай шал-



қайтып жатқан таутекенің бейнесі бар алтыннан құйылған әшекей табылды. №31 және №53 санды обалардан табылған алтын әшекейлерде бір қырынан және қарсы алдынан бейнеленген жүріп бара жатқан немесе бір-біріне теріс қаратылған екі жылқының бас бейнесі бар қоладан соғылған тартпаның екі тоғасын тапты. Сондай-ақ археологиялық қазба жұмыстары барысында марқұмның о дүниеге



алып кететін қару-жарақтарының түрлері қысқа жүзді сөмсер (акинак), айбалта (чекан), қоладан жасалған жебелердің ұштары мен еңбек құралдары, қоладан құйылған түрлі ат өзбелдері, қола айналар, тастан жасалған құрбандық ыдыстары, алтын сырғалар, тас және шыны моншақтар секілді т.б. зергерлік-әшекейлік бұйымдар көптеп табылған. Сонымен қатар Оңтүстік Түгіскен обаларының тек ер кісілер ғана жерленген қабірлерден темірден жасалған жебе ұштары, қысқа жүзді қанжарлар секілді көптеген қару-жарақтармен қатар ұзын сөмсерлер де табылды.

Мысалы, №53 обадан сырты жұқа алтын қақтамамен қапталған ағаш қынаққа салынған жалпы ұзындығы 1 метрден асатын темірден соғылған сөмсер – ерекше назар аударуға тұрарлық жәдігерлердің бірі. Сөмсер сабының балдағы мүйіздері бұралған арқар басының бейнесімен безендірілген. Ағаш қынақтың қақтама бетінде «жер бауырлап жатқан» бірнеше фантастикалық тұр-сипатты жануарлардың бедерлі бейнелері жақсы сақталған.

Қабірлерден қола мен алтыннан жасалған айналар мен зергерлік-әшекейлік бұйымдармен қатар салт-тұрмыстық бұйымдар да көптеп табылған. Солардың ішінде имек тұмсықты жыртқыш құстардың (грифон) бейнесі тәріздес етіп пішіні домалақ немесе сопақша болып келетін көлемді тастардан қашалған құрбандық шалатын орындар да үлкен қызығушылық тудырады. Бір қызығы, олардың барлығы да тек әйелдер ғана жерленген қабірлерден табылған. Қазіргі таңда жоғарыда аталған жәдігерлердің барлығы да Ресей Федерациясының Санкт-Петербург

ежелгі Жалағаш жерін скифтік-сібірлік ақ стилі ареалына қосып, ежелгі қола дәуірінде Сыр өңірін мекендеген сақ тайпаларының әлемдік өнер қазынасына үлес қосқандығы туралы мағлұмат береді.

Сонымен қатар, Түгіскен ескерткіштерінде андронов мәдениетінің дәстүрлері айқын аңғарылады. Мұны біз барлық кесенелердің ескірткі шығысқа қаратылуына, мөгіттің басын батысқа қаратып қойып жерлеуден аңғарамыз. Сондай-ақ керамикалық ыдыстардың үлгілері, оларды өрнектеу әдістері түгіскендіктердің андронов мәдениетін ұстанған тайпалар екенін дәлелдейді.

Сәулет өнері тарихында да Түгіскен қорымы Қазақстан аумағындағы этномәдени байланыстарымен өзіне көңіл аударды. Түгіскен мазарларының тұтас қабырғалары, айналмалы дөңіздері академик Әлкей Марғұлан тапқан Орталық Қазақстандағы Ақсу-Аюлы, Дәндібай кешендерімен өте ұқсас. Тек біріншісінде шикі қам кесек қолданылса, Сарыарқадағы құрылыстар алып тас блоктардан қаланған. Екі құрылыс та қола дәуірінің соңғы кезеңдеріне жатады. Бұған қарап біз Сыр өңірін мекендеген сақтар мен Сарыарқаны жайлаған сақ тайпаларының бір этникалық қауымдастықта өмір сүргені әрі бірегей экономикалық мәдени байланыста болғанын түйіндейміз.

Ежелгі қола дәуірінің тағы бір көрнекті ескерткіштерінің бірі – Баланды II кесенесі. Жалағаш ауданы Аққыр ауылының оңтүстік-батысында шамамен 60-65 шақырым жерде, көрші Қармақшы ауданымен шекаралас далалықта орналасқан. 1960 жылы ескерткішті алғаш зерттеген Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының жетекшісі, профессор С.П.Толстов кесене қабырғаларының жоғарғы жақтарында сақталып қалған кесектердің көптеу етіп қаланғанына және орталық бөлменің тура ортасында қазылған шұңқырдың орнына қара, қою-қызыл және көк бояулармен түрлі ою-өрнектер түсірілген.

Баланды II кесенесі әлемдік сәулет өнеріндегі бірден-бір күмбезді құрылыс ретінде ерекшеленетін ежелгі қола дәуірінің төңдесі жоқ ескерткіші болып табылады және ертеантикалық дәуірде аудан өңірін мекендеген сақ тайпаларында діни құрылыстардың архитектурасы мен құрылыс техникасының барынша дамығандығын көрсетеді. Соның бір айғағы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2008 жылдың 21 наурыздағы №279 санды Қаулысына сәйкес Баланды II кесенесіне республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші деген мәртебе берілген.

Қорыта айтқанда, алдағы уақытта қазақ ұлтының игілігі үшін аудан аумағындағы ежелгі қола дәуірі ескерткіштерінің сақталуы және қорғалуын қамтамасыз етіп, ауданда туризм кластерін дамыту мақсатында ашық аспан астындағы музейлерге айналдырсақ, нұр үстінде нұр болар еді.

Қабырғалармен бөлінген және бір-бірімен тек айналма дәліздер арқылы байланысады. Орталық бөлменің кіреберісі есігіне қарама-қарсы қаланған бүтін бір қабырға ғимарат бөлмелерін екі бірдей бөлікке бөліп тұр. Ғимараттың сыртқы қабырғасы ішкі орталық бөлменің қабырғасынан 2,3 метрдей алшақ орналасқан. Кіреберісі есіктен кейінгі бір кең бөлме вестибюльдің рөлін атқарған. Оның төрт қабырғасында арқа тәрізді етіп иіп жасалған ескірткі бар. Кесененің кіреберісі есігі портал тәрізді етіп қаланып, оңтүстік бетте орналасқан. Заманында кесененің кейбір бөлмелерінің ішкі қабырғалары албастыр ертілдісімен сыланған болуы керек, себебі бір қабырғаның бұрышына жағылған албастрдың іздері бүгінгі күнге дейін сақталған. Ал қалған бөлмелердің қабырғалары сабан араласқан саз балшықпен сыланған.

1960 жылы кесенеге жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кесененің ежелгі заманда-ақ өбден талан-таража ұшырап, тоналғанын көрсетті. Табылған материалдардың негізінде Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының археологтары Е.Е.Нерзис пен Ю.В.Стеблов орталық бөлменің жан-жағындағы бөлмелердің ең кең дегенде жартысында қабірлердің болғандығын анықтады. Археологтар орталық бөлменің ішінен қабірлердің орнын таба алмаған, сондықтан бұл жер сақ тайпасының абыздары түрлі діни жоралғылар мен әдеп-ғұрыптар атқаратын немесе гибадат етуге арналған орын болуы мүмкін деген болжам жасаған.

Қазба жұмыстары кезінде кесене маңынан сүйектен жасалған түрлі салт-тұрмыстық бұйымдар, сырты алтынмен әшекейленген былғарыдан тігілген киімнің жыртындылары, темірден жасалған пышақ, мақтаматадан тігілген қызыл және сары түсті жұқа маталардың фрагменттері табылған. Аталған маталарға кара, қою-қызыл және көк бояулармен түрлі ою-өрнектер түсірілген.

Қанат ЖАПАҚОВ, аудандық тарихи-өлкетану музейінің қызметкері

Газетіміздің келесі саны 30 тамыз, сәрсенбі күні шығады

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1346